

**Г.Мамырбекова**  
*А.Байтұрсынұлы атындағы*  
*Тіл білімі институтының*  
*жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

**Жарыспалы вариантта қолданылып жүрген араб, парсы сөздерін  
жаңа латын әліпбиімен беру мәселесі**

(«Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы  
ғылыми-практикалық конференция материалдары)

Алматы, 15 мамыр, 2018 ж.

Қазіргі таңда латын графикасына негізделген әліпби жобасын қабылдауға түбегейлі бетбұрыс жасалды. Латын әліпбиінің ұтымды жақтары бәрімізге белгілі, яғни қарапайым халық үшін телефон, интернет, планшет, т.б. құралдарды пайдалануда қиындықты азайтады, кирилшемен төл дыбыстарымызды бұрмалап жазу азабынан құтыламыз, т.б. Ал жастардың көбі қазірдің өзінде-ақ латын таңбалары арқылы хат-хабар алысады. Латын графикасына қоғамның жартылай көшіп те қойғаны шындық. Сондықтан бұл әліпбиді жатырқайтындар көп дей алмаймыз, яғни қоғам латын графикасына көшуге дайын.

Латын графикасына көшкенде не ұтамыз, жалпы көшкен дұрыс па, бұрыс па, қандай мәселеге баса назар аудару керек? Осымен байланысты белгілі ғалымдардың пікірлерін сараптап көрейік. Белгілі ғалым Ә.Жүнісбек: «Ерте ме, кеш пе латын жазуына әйтеуір көшетіміз күмәнсіз. Өйткені ол заман талабы, әлеми ақпараттық кеңістікке көштен қалмай енеміз десек, сондай-ақ күнделікті қолғанат қондырғыларды (оргтехниканы) еркін пайдаланамыз десек, оның басқа жолы жоқ. Бүгін біз көшпегенмен, ертең бізден кейінгі ұрпақ қалай да қалай көшеді, бірақ ол кешеуіл тірлік болады [1], - дейді. Ғалым З.Базарбаева: «Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол өркениетті шешім, гуманитарлық, рухани, әлеуметтік мазмұнға ие мемлекеттік шара және латын графикасының лингвистикалық жағынан да пайдасы мол» [2], - деп атап көрсетеді. Ғалым Қ.Күдерінова: «Бұл кезең - жалтақтамай, біреудің билігіне бас ұрмай, кейін бөтеннің кесірінен көрмей, өз қалауымызбен таңдалған ұлттық әліпбиге көшетін, қазақ жазуының фонологиялық негізін, фонемографиялық тегін, фонематикалық принципіне мұқият болатын кезең [3], - деген болатын. Ал ғалым А.Фазылжанова ХХ ғасырдың 90-шы жылдары посткеңестік кеңістіктегі түркі тілдес елдер бірден латын әліпбиіне көше бастағанда, біздің қоғам жазу реформасы туралы талқылауларға кіріскенін, 90-шы жылдары Нұрсұлтан Назарбаев қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруді тоқтата тұрып, дұрыс шешім қабылдағанын айта отырып: «Қазақ тілі үшін әліпби ауыстырудың мақсаты – графикалық жүйені жай ауыстыру ғана емес, ұлттық жазуды түбегейлі реформалау. Ол: 1) латын жазуына негізделген заманауи ұлттық әліпбиді; 2) жаңа жасампаз емле ережелерін – жазудың бірыңғай ұлттық стандарты

негізінде байырғы қазақ және кірме сөздердің орфографиясын; 3) кірме сөздерді игерудің дәстүрлі жолдарын қайта жаңғырту мен жаңарту негізінде оларды жазуға бейімдеудің жаңа тетіктеріндайындау және жасау арқылы болады» [4] – деген өте орынды пікір айтады.

Жалпы латын графикасына көшу барысында тілші мамандар тарапынан жүзеге асуы тиіс басты мәселелердің бірі – емле ережесінің түзілуі, кірме сөздер мен терминдердің таңбалану жүйесін нақтылау ісі. Бүгінгі мақаламызда жарыспалы вариантта қолданылып жүрген араб, парсы сөздерін латын графикасымен қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер латын әліпбиін қабылдаған басқа түркі тілдерінде қалай жазылып жүр деген мәселеге тоқталмақпыз. Діни санамыздың жаңғыруына байланысты тілімізге қайта оралған араб, парсы сөздерін, әсіресе жарыспалы вариантта жүрген лексикалық бірліктерді біріздендіру мәселесіне баса назар аудару қажет.

Біз зерттеу барысында араб, парсы бірліктерін үлкен екі топқа бөлдік:

### **1. Орфографиялық сөздікте берілген сөздер**

**2. Орфографиялық сөздікте берілмеген сөздер** (барлығы – 387 сөз. 252 араб сөзі, 135 парсы сөзі).

Орфографиялық сөздікте *абжад, азуа, ақық, анжам, абият, әбілет, әдді, әдиса, әзел, әлмисақ, әман, әмсе, әптиек, әфсана, бақас, балиғат, баһар, бәдбақыт, бәден, бейқут, бейхош, гүрзі, габари, газы, гақлия, гапілет, гарасат, гұшыр, даңдама, дәпін, дәргаһ, дәремет, дертменді, жәһіл, зипа, зұлпықар, зұбаржат, зүриат, ирада, канизәк, кәләндер, кепиет, керкудан, кетқұда, көдек, күрси, қирағат, құрсант, құтпа, ләкин, лулу, мағрифат, мазлұм, мақлұқат, мүбәда, манзұр, мардан, махшар, мұғжиза, мұхтасар, мұштақ, мұстажап, мүфсид, нағыра, нәмәрт, паруаз, пәруай, пәруар, пәруардігер, пәруана, панжара, нақлият, рәкат, рәуиш, сарнай, саруар, сәргәрда, сақи, тариқат, тахқиқ, тәбдил, тәйем, тұһмат, үр, фазылат, фарсақ, фарсақ, фарияд, хаят, хұжыра, хұжыра, шарғи, імкан, т.б. біршама ескі кітаби тіл бірліктері қамтылған.*

Ал ауызекі сөйлеу тілімізге ене бастаған және ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі, актив түрде кездесетін мына сөздер орфографиялық сөздікке енбеген: *аб/әб, ақаид/ғақайд, алуафұрұш/алаунүріш, арафа/арапа, аслан/әслан, асхаб/асхап, афсун/афсүн/әпсүн, ахд/ақд, аһыл/аһил, әлейһиссалам/әләйһиссалам, әлфирақ/әлпірақ, барағат/барат, баһан/бәһәна, баһра/бәһра, башарат/бәшерет, бәллұр/биллур, бейқұда/бейхұда, бихуд/биһуд, бустан/бұстан, гәриан/гәриян, газат/қазат, гауға/қауға, гифрит/ифрит, гиш/гәйиш, гуд/уд, дилбар/ділбар, диуан/дуан, жәзір/жәзыр, жүһүд/жүһүт, зақум/зақұм, зәнжабил/занжабил, зиада/зияда, зұлжалал/зұлжалал, зүлфі/зүлфи, ихфа/ихпа, кәфарат/капарат, күлфат/күлпат, мағшуғ/мағшүғ, мантиқ/мантық, махсус/махсүс, махфуз/махфүз, машғұл/мәшғұл, мәзкүр/мазкур, мәләйік/мәлеик, миллат/милләт, миск/мәсік, муазин/муәзін, муафиқ/муафық, муқарраб/мұқарраб, мұнажәжим/мүнәжім, мүширік/мүшірік, ниқаб/нықап, нүжум/нүжүм, пәренжі/фәрәнжі, рүкүз/рукүз, сұбхан/субхан,*

*тағбир/табир, тағриф/тағриб, тауап/тәуап, таһарат/таһрат, уасил/уасыл, уахи/уәхи, уәли/уали, фахим/фахым, фирдаус/фирдауыс, хадие/хәдие, хадиса/қадиса, хамд/хамыд, хусусан/хосусан, һұжұм/һұжым, шариф/шәрип, шаһбаз/шаһбаза, шаһид/шәһид, шәукат/шаукат, шигыр/шиғр, шит/шиғи, шүһрат/шүһрәт, т.б.*

Діни ортада, діни уағыздарда, мешітттерде, медреселерде, жалпы егемендік алғаннан кейін актив қолданысқа енген *арафа* (құрбан айттан бір күн бұрын болатын арафа түні), *асхаб* (Мұхаммед пайғамбарғ.с. серіктері, сахабалар), *әзәзіл* (шайтан, азғырушы), *әзірейіл*, (төрт періштенің бірі), *әлхамдулиллаһи* (Аллаға шүкір, Аллаға мадақ), *ғарасат* (қиямет күні жиналатын алаң), *ғұсыл* (шариғат бойынша жыныстық қатынастан кейін ерлі-зайыптылардың дәрет алып, денені толықтай жуынуы), *жәбірейіл* (төрт періштенің бірі), *зәмзәм* (Меккедегі қасиетті зәмзәм құдығы, соның киелі суы), *имам ағзам* (мұсылман дініндегі төрт мазһабтың бірі), *исрафил*(төрт періштенің бірі), *ихрам* (қажылықта киетін киім), *кәусар* (жұмақтағы бұлақтың аты), *кәлима шаһадат* (Алла тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: «әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә мұхаммадан абдуһу уә расулуһу – Алладан басқа құдай жоқ Мұхаммед оның құлы және елшісі екеніне куәлік етемін»), *қазба* (Меккедегі құлшылық орны), *қари* (құранды толық жатқа айтатын адам), *қирағат* (құранды ырғағымен, әуенімен жатқа айту), *құтпа* (некелесуге разылық беру үшін оқылатын дұға), *ләйләтул қадыр* (қадыр түні), *мазһаб* (діни ағым), *махшар*(қиямет күні өлгендердің қайтадан тіріліп жиналатын және олардың күнәларын тексеретін жер), *машалла* (таңқалғанда немесе тіл-көзден сақтасын деген ниет білдіргенде айтылатын сөз), *мәлак* (періште), *мәләйік* (періштелер), *мәкрук* (шариғат бойынша құпталмаған, мақұлданбаған, жиіркенішті нәрсе), *мәуліт* (Мұхаммед пайғамбардың туған күні болып есептелетін діни мейрам), *михраб*(мешітте имам тұратын орын), *мекайл*(төрт періштенің бірі), *мүмін* (ислам дінін ұстанушы), *мүңкір*(өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *мүшірік* (Аллаға серік қосушы), *миғраж* (Мұхаммед пайғамбардың көкке көтеріліп, Алламен жүздесуі), *нәби* (пайғамбар), *нүңкүр* (өлгендердің күнәсін қабірде тексеретін періштенің аты), *пәтуа* (шариғат негізінде мүфти шығаратын үкім), *пидия* (өлген адамның күнәсін молдаға сатып күнәдан құтқару), *пітір* (ораза кезінде үлестіретін садақа), *раббы* (билеуші деген ұғымды білдіретін Алла тағаланың теңеуі), *ракағат* (намаздың бөлігі), *расул* (Мұхаммед пайғамбардың теңеуі), *рүкүғ* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), *салауат, сауап, сахаба* (Мұхаммед пайғамбардың көзін көрген серіктері, мұсылман дінін таратуға атсалысқандар), *сәжде*(маңдайын жайнамазға қойып, құлшылық ету), *сәресі, Сұбхан Алла* (Аллаға мадақ; араб тілінде йа шылауымен бірге келгенде таңдануды, қорқуды білдіреді), *сүндет* (Мұхаммед пайғамбар құптаған дұрыс әрекеттер, жағымды қасиеттер), *сүнни*(төрт мәзһаб ханафи, мәлики, шафиғи, ханбали мұсылмандары, осы төрт мазһаб көрсеткен діни ережелер мен заңдылықтарды орындайтындар, сүннилер), *дажал* (ақырзаман болғанда

шығатын аждаһа), *тайаммом* (сусыз топырақпен, құммен дәрет алу), *тақуа* (дін жолын қатты ұстанушы), *тауниқ* (қанағат, ынсап), *уағыз* (дінді насихаттау, үйрету), *уажип* (шариғатта орындалуы қажет деп табылған діни міндеттер), *үмбет* (мұсылман дінін қабылдаушылар), *фақиһ* (шариғат заңының білгірі), *фатиха* (Құранның бірінші сүресі), *Хауа* (Адам атаның қабырғасынан жаратылған бірінші әйел кісі), *хижаб* (мұсылман әйелдері бетке тұтатын перде), *хижра* (Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден Мәдинаға көшкен жылы; мұсылманша жыл санау есебі), *шейіт*, *шаһид* (дін үшін күресте қайтыс болу, қаза табу), *шиит* (ислам дінінің шиға бағытын ұстанушылар (ислам діні екі үлкен топқа бөлінеді: сүнни және шиғи) сияқты т.б. көптеген сөздердің басым бөлігі жарыспалы нұсқада таңбаланып келе жатыр.

Кезінде белгілі ғалым Н.Оңдасынов: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде тасбих сөзінің – 20, иждихаттың – 12, ілтипаттың – 8, ғибраттың – 7, әрекеттің – 6, қауіптің – 5, ұжданның – 4, варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтатын рахметтің (ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: рақмет, рақымет, рахмат, рахмет, рахымет сияқты 5 түріне кездестік» [5, 4 б.], - деп көрсеткен. Сондай-ақ ғалым Н.Оңдасынов: «Жазбадағы ала-құлалылық – тіл мәдениетінің үлкен жауы. Біздің елімізде мәдениет революциясы іске асты. Енді үлкен мәдениетті ел болдық, оған нағыз мәдениетті тіл лайық, оның аттың төбеліндей айқын жазуы болуы керек. Орысша әрбір сөздің тайға басқан таңбадай бір-ақ белгісі бар – оның бір әрпін өзгертуге болмайды. Қазақ тілінің жазуын осындай дәрежеге көтеруге бола ма? Әбден болады, ол үшін әлі де іздену керек, ізденіс – табыс кепілі», - дейді. Бұл сонау кеңестік кезеңдегі уақыттарда айтылған сын болатын. Өкінішке орай, содан бері қаншама уақыт өтсе де, әртүрлі таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің әдеби тіліміздегі нормасын тұрақтандыру, біріздендіру, жүйелеу мәселесі дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Яғни әлі күнге дейін ала-құла таңбаланып келе жатқан сөздер мол ұшырасады. Бұлар әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген, тек дыбысталуы ғана бөлек, бірақ мағыналарында айырмашылық жоқ сөздер.

Қазақ тіліндегі жарыспалы вариантта жазылып жүрген сөздердің латын графикасын қабылдаған басқа түркі тілдеріндегі таңбалану жүйесі қандай? Мысалы, қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде көрсетілмеген, жарыспалы варианттағы мынадай сөздер басқа түркі тілдерінде былайша таңбаланady:

қазақ	түрік	әзербайжан	түрікмен	өзбек
<b>АРАФА, АРАПА, АРАФАТ</b> (ар. арафа) – 1. Меккенің шығысындағы таудың аты. 2. Құрбан айттан бір күн бұрын болатын арапа түні (зулхиджа айының тоғызыншы күні), қажыға барушылардың Арафат тауында діни рәсім өткізетін күні.	arife Arafat	ərəfə		Arafa Arafagarchilik
<b>АСХАБ, АСХАП, АСҚАБ</b> (ар. асхаб)–	ashap	əshab		

<i>сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбарғ.с. серіктері.</i>				
<b>АФСУН, АФСҮН, АПСИН, ӘФСҮН, ӘПСУН, ӘПСҮН</b> (пар. <i>афсун</i> ) – <i>сиқырлы дұға, сиқыр.</i>	efsun	əfsun	efsun	afsun
<b>БӘЛЛҮР, БИЛЛҮР, БІЛЛҮР</b> (пар. <i>бәллур</i> ) – <i>хрусталь.</i>	billur	billur		
<b>ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮТ, ЖӨЙТ, ЖӨИД, ЖАҺУТ</b> (ар. <i>yahud</i> ) – <i>еврей.</i>	yahudi	yəhudi	jöhüt	yahudiy
<b>ИСФАҒАН, ИСПАҒАН, ИСПАХАН, АСФАҒАН, АСПАҒАН, АСПАҚАН, АСБАҒАН</b> (пар. <i>исфахан</i> ) – <i>жер атауы.</i>	Isfahan	Isfahan		
<b>КАЛАМ, КӘЛАМ, КӘЛӘМ, КӘЛЕМ</b> (ар. <i>кәлам</i> ) – 1. <i>Сөз, әңгіме.</i> 2. <i>Ауысп. Құран.</i>	kelam	kəlam	kelem	kalom
<b>КӘФАРАТ, КАПАРАТ, КПАРАТ</b> (ар. <i>каффарат</i> ) – 1. <i>Күнәні жуу үшін берілетін қайыр-садақа.</i> 2. <i>Күнәні өтеу, жуу.</i>	kefaret	kəffarə		
<b>МАХФУЗ, МАХФҮЗ, МАХФУЗЫ, МӘХФҮЗ, МӘХБУЗ</b> (ар. <i>махфуз</i> ) – 1. <i>Сақталған, жадында ұсталған.</i> 2. <i>Діни ұғым бойынша әр адамның тағдыры жазылып тұрған орын.</i>	mahfuz	məhfuz	mahfuz	
<b>МИЛЛАТ, МИЛЛӘТ, МИЛЛЕТ, МІЛЛӘТ, МІЛЛИЕТ</b> (ар. <i>миллат</i> ) – 1. <i>Діни қауым, діни топ.</i> 2. <i>Дінге сену.</i> 3. <i>Халық, ұлт.</i>	millet	millət	millet	millät
<b>ПӘРЕНЖІ, ПАРАНЖА, ФӘРӘНЖІ</b> (ар. <i>фаражиа</i> ) – 1. <i>Мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі.</i> 2. <i>Дін қызметкерлерінің киетін жеңді ұзын сырт киімі.</i>	ferace	fərace	perenji	paranji
<b>СҮБХАН(АЛЛА), СУБХАН(АЛЛА)</b> (ар. <i>субхан</i> ) – 1. <i>Аланы дәріптеу, мадақтау.</i> 2. <i>Күшті, таза деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың теңеуі.</i>	süphanallah	Süphanallah		subhon
<b>ФАСЫЛ, ФАСИЛ, ФӘСІЛ, ПАСЫЛ</b> (ар. <i>фәсл</i> ) – 1. <i>Бөлім, тарау.</i> 2. <i>Жыл мезгілдері.</i>	fasil	fəsil		fäsl
<b>ФИТНА, ФИТНӘ, ФІТНӘ, ПІТНА, ПІТНЕ</b> (пар. <i>фитне</i> ) – 1. <i>Бүлік, дүрбелең.</i> 2. <i>Дін бұзушылық.</i> 3. <i>Арам ойлылық.</i> 4. <i>Ауыртпалық, қиыншылық.</i>	fitne	fitnə	pitne	fitnä
<b>ШАРИФ, ШӘРИФ, ШӘРІП</b> (ар. <i>шариф</i> ) – 1. <i>Мейірімді.</i> 2. <i>Ауысп. Киелі, қасиетті.</i> 3. <i>Құрметті, қадірлі.</i> 4. <i>Адал, пәк.</i> 5. <i>Әмірінің титулы.</i>	şerif	şerif	şerif	şäräf
<b>ШАҺИД, ШАҺИТ, ШӘҺИД</b> (ар. <i>шаһид</i> ) – 1. <i>Қайтыс болу, қаза табу, опат болу.</i> 2. <i>Ауысп. Қаза табушы, опат болушы.</i>	şehit	şehid	şehit	

Кестеден байқап тұрғанымыздай, түрік, әзербайжан, түрікмен және өзбек тілдерінде араб, парсы сөздері түпнұсқа тұлғасына жақын жазылады. Мысалы, қазақ тілінде **ф/п** дыбыстық алмасуымен жарыспалы вариантта жүрген *арафа/арана*, *афсун/афсүн/апсин/әфсүн/әпсун/әпсүн*,

*исфаһан/испаһан/испахан/асфаһан/ кәфарат/капарат/кіпарат, шариф/шәриф/шәріп*тәрізді сөздер төрт тілде де араб, парсы нұсқасындағыдай ф дыбысымен беріледі екен. Ал қазақ тіліне бұл сөздердің қай вариантын орфографиялық сөздікке ендіру керек? Біздің ойымызша, басқа түркі тілдеріндегідей транслитерациядан гөрі транскрипциямен берген дұрыс. Сонда орфографиялық сөздікке *арафа, афсун, исфаһан, кәфарат, фитна, шариф* нұсқалары енеді. «Транскрипция– фонетикалық әдіс; шетел сөзінің фонетикалық ерекшеліктері, дыбыстық формасы сақталады (кейде аздаған фонетикалық өзгерістер де болуы мүмкін), сөйтіп, қабылдаушы тілдің нормаланған тілдік бірліктерінің қатарына қосылады. Транслитерация – қабылданған сөздің әріп-таңбасы қабылдаушы тілдің таңбаларымен ауыстырылатын, қабылдаушы тілдің айтылым жүйесінің заңдылықтарына сәйкес дыбысталатын әдіс (режім, нөл, шенеунік, мәшине)» [6].

*Милләт* сөзі басқа түркі тілдерінде жіңішке формада берілген. Араб тіліндегі нұсқасы *миллат*. Алайда и жіңішке дыбысталады дегеннен басқа түркі тілдері де екінші буынға жіңішке е немесе ә дыбысын қойған. Сондықтан бұл сөзді транслитерациялап *миллат, милләт, миллет, мілләт, міллет* варианттарының ішінен *милләт* сөзін орфографиялық сөздікке ендірген дұрыс. Ал *калам/кәлам/кәләм/кәлем, шаһид/шаһит/шәһид, пәренжі/паранжа/фәрәнжі* сөздерінің қай вариантын сөздікке алуы керек деген мәселеде мұқият болған дұрыс-ақ. Олардың қай вариантының қолданым жиілігі жоғары, оны да естен шығармаған жөн.

Қазіргі таңда, бұрын х-мен таңбаланатын біраз сөздерді қ әрпімен жазып жүрміз. Осы қаншалықты дұрыс? Мәселен, қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде қ әрпімен беріліп жүрген сөздердің басқа түркі тілдеріндегі таңбалануы мынадай:

қазақ	түрік	әзербайжан	түрікмен	өзбек
<b>РҰҚСАТ</b>	ruhsat	rüsxət	rugsat	ruxsat
<b>РАҚМЕТ</b>	rahmet(рақым ету), teşekkürler	rəhmət	raňryýalkasyn	rahmat
<b>РАҚАТ</b>	rahat	rahat	rahat	rahat
<b>РАҚЫМ</b>	rahim	rəhm	rehim	rahm

Кестеден көріп тұрғанымыздай, төрт тілде де х таңбасымен беріледі екен. Қазақ тілінде бұл сөздерді қ-мен таңбалағанымызбен *сұхбат, рух, рухани, ахуал, сахаба, махшар, хұсни* сөздері орфографиялық сөздікте х әрпімен берілген. *Рақат, рақмет, рақым* сөздеріндегі х дыбысы мен *сұхбат, рух, рухани, ахуал, сахаба, махшар, хұсни* деген сөздердегі х дыбысы түпнұсқа араб тілінде бір ғана таңбамен дыбысталады, бір-бірінен айырмашылығы жоқ дыбыстар. Бұл бір. Екіншіден, ауызекі сөйлеу кезінде қ-дан гөрі, х-мен дыбыстайтынымыз анық.

Қорыта айтқанда, бұндай сөздердің дұрыс нұсқасын сұрыптап, саралау мәселесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бір жүйеге түспей келе жатқан араб, парсы сөздерінің жарыспалы варианттарының ішіндегі бір нұсқасын

ғана жазылымда тұрақтандыру үшін нұсқаулық анықтағыш дайындалуы қажет деген ойдамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ә.Жүнісбек. Қазақ әліпбиінің ұлттық жобасы және ондағы әріптердің фонетикалық сипаттамасы // «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ғылыми жинақ. 2-кітап. – Алматы, 2017 ж.
2. З.Базарбаева. Рухани жаңғыру: Жаңа қазақ әліпбиі // «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ғылыми жинақ. 2-кітап. – Алматы, 2017 ж.
3. Қ.Күдерінова. Жаңа қазақ әліпбиі: таңдалу жолы // «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ғылыми жинақ. 2-кітап. – Алматы, 2017 ж.
4. А.Фазылжанова. Латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі: бүгінгі мен болашағы // «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ғылыми жинақ. 2-кітап. – Алматы, 2017 ж.
5. Н.Оңдасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алматы: Мектеп, 1984, Т.1, -256 б.
6. А.Алдашева. Кірме сөздер орфограммасы: жалпы сипаттамасы мен емле мәселелері // «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ғылыми жинақ. 2-кітап. – Алматы, 2017 ж.

**Г.Мамырбекова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының*

*жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

### **Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудегі кейбір орфографиялық мәселелер**

(Кітапша (авторлармен бірге), –Алматы: ИП Балауса, 2018, -40 б.

Жауапты редакторы: Е.Қажыбек).

Бүгінгі таңда латын графикасы негізінде мемлекеттік тілді реформалау мәселесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынып жатқан ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Латын әліпбиіне кезең-кезеңмен өтуді қамтамасыз ету үшін арнайы төрт топ құрылғаны мәлім. Қазіргі таңда осы топтар құрамына енген А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының белді ғалымдары ескерілуі тиіс және басты назар аударуды қажет ететін мәселелерді нақты ғылыми тұжырымдар негізінде талдап, зерттеп жатыр. Мәселен, орфографиялық топ құрамындағы профессор Н.Уәлиұлы, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжан бастаған бірқатар ғалымдар ортологиялық құралдар жасаудың ғылыми тұжырымдамасын әзірлеп (ортология термині теориялық негізге сүйенген «дұрыстық» деген ұғымды білдіреді), бірқатар мәселелерге басты назар аудару қажеттігін көтеріп отыр. Атап айтқанда, «бір әріпке бір фонема» қағидасы бойынша

үнемдеу принципін басшылыққа алу (сұу деп емес, су деп таңбалау), күні бүгінге дейін жарыспалы вариантта қолданылып жүрген араб, парсы сөздерін (*арафа/арана, пәренжі/паранжа/фаранжа, калам/кәләм* т.б.) біріздендіру, «Негізгі орфографиялық ережені» әзірлеп, соның негізінде «Орфографиялық сөздіктің» түр-түрлерін (академиялық сипаттағы орфографиялық сөздік, мектепке арналған орфографиялық сөздік, көпшілікқолды орфографиялық сөздік) шығару, сөздердің бірге не бөлек жазылуын, жалқы есімдердің жазылуын, кірме сөздердің жазылу тәртібін нақтылайтын орфографиялық анықтағыш даярлау мәселелерімен мұқият шұғылдануда. Ал қазақ тілі дыбыстарының акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерінің төл табиғатын, ұлттық сипатын тұңғыш рет талдап берген ғалым, профессор Ә.Жүнісбек қазақ тілінің өзіне ғана тән төл дыбыс құрамының басын ашып алу, қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіріп, қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле ережелерін қайта дайындау, қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайықталған әліпбидіңбөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керектігі сынды өте өзекті мәселелерді көтеріп келеді.

Ал терминологиялық топ құрамындағы Қ.Айдарбек, Б.Жонкешов бастаған ғалымдар қоғамдық, техникалық, жаратылыстану салалары бойынша енген халықаралық терминдерді латын әліпбиімен транслитерациялау, транскрипциялау барысында терминдердің не ағылшын, не орысша нұсқасын таңбалау (*девальвация - devaluation, инновация - innovation, импичмент - impeachment*, т.б.), аударылған терминдердің бірнеше нұсқасының ішінен біреуін іріктеу (*тратуар – аяқжол, жиекжол, жаяусоқпақ; патриот – елжанды, ұлтжанды, отансүйгіш*, т.б.), аудармасы қатар қолданылып жүрген терминдердің не аудармасын не өзін қалдыру (*парламент төрағасы – спикер, қысқа қашықтыққа жүгіруші – спринтер*, т.б.) мәселелеріне басты назар аударуды ескертіп, сол бағытта жан-жақты лингвистикалық талдаулар жасап жатыр. Сондай-ақ, Қ.Рысберген бастаған ғалымдар ономастикалық атаулардың қалыптасқан халықаралық стандартын қалдыруды немесе орыс тіліндегі нұсқасын сақтауды (*Рим - Rome, Испания - Spain, Грекия - Greece*), жіңішкелік белгісі (ь) мен жуандық белгісі (ъ) бар атаулардың латын әліпбиімен таңбалаудағы қиындықтарын (*Olga - Ольга, Вольное – Volное*) шешуді қарастырып жатыр.

Мемлекет тарапынан құрылған топтар құрамындағы Тіл білімі институты ғалымдарының жоғарыда айтылған мәселелерді жан-жақты әрі тіл мамандары ретінде талдау елегінен өткізіп барып, бір шешімге келуі ұлттық жазуымыздың мінсіз қалыптасуына зор үлесін қосары сөзсіз. Ал мінсіз жазу – ұрпақ сауаттылығының басты кепілі. Сондықтан да латын әліпбиін қабылдар алдында оның ғылыми-лингвистикалық негіздемелері мұқият зерттелуі қажет. Тілші мамандар тарапынан ғылыми-теориялық талдаулар жүргізілмей, әліпби қабылданар болса, емленің сауаттылығына төнетін ең басты қауіп сол болмақ.



Бүгінгі таңда тіліміздің үлкен байлығы болып танылатын кітаби лексикаларды латын графикасымен шығатын жаңа «Орфографиялық сөздікке» енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Оның бірнеше себептері бар:

**Біріншіден**, егемендік алғаннан кейін ислам дініне қатысты ұғымдар мен тіркестер тілдік қолданысымызға молынан ене бастады. Мәселен мына тәрізді сөздер соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» берілмеген, қазіргі таңда бұлар әртүрлі нұсқада ала-құла таңбаланып келеді: *арафа/арана* (кұрбан айттан бір күн бұрын болатын түн), *асхаб/асхап/асқаб* (сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбарғ.с. серіктері), *әлейһиссалам/аләйһиссалам/алаихұласлам/ғалайһиссалам* (Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу: Алла жарылқасын), *мәлак/мәләк* (періште), *мәләйік/мәлеик* (періштелер), *пәренжі/паранжа/фәрәнжі* (мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі), *тауап/тәуап/тәуаб* (күлшылық ету, табыну), *рүкүз/рукүз* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), т.б.

**Екіншіден**, кезінде саяси идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, көптеген ауыз әдебиеті мұраларымыз жарыққа шықпағаны белгілі. Ондай жәдігерлер қатарында діни дастандар, магиялық, мифтік аңыздар мен тарихи жырлар бар. Бұлардың барлығы, тәуелсіздік алғаннан кейін жариялана бастады да, оларда кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің орфографиясында бірізділік сақталмай келе жатыр. Мысалы: *аһыл/аһил/аһл/әһлі/әһіл* (туыс, ағайын; ел, қауым), *ғафыл/ғапіл/ғапыл/қапыл* (аңқау; бейқам), *дафиг/дафиқ* (қарсылық), *жамиг/жәмиг/жамиги/жәми/жәмі* (барлығы, күллі), *калам/кәлам/кәләм/кәлем* (сөз, әңгіме), *машиғұл/мәшиғұл/машиқұл* (шұғылдану, істеу), *маширик/маширих/маширық* (шығыс, күншығыс), *зәнжабил/занжабіл* (имбирь; жұмақтағы бұлақ аты), т.б.

Жалпы «Орфографиялық сөздікте» жоқ, бірақ бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби сөздердің жалпы саны 370 шамасында. Бұл жазу мәдениетімізге нұқсан келтіретін өте үлкен көрсеткіш. Бұлардың бір ғана нұсқасын жазылымда норма ретінде тану күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі ұшырасатын жарыспалы вариантта қолданылып жүрген мына сөздердің бір нұсқасы «Орфографиялық сөздікке» міндетті түрде енгізілсе деген ұсынысымыз бар: *ақайд/ғақайд*, *алуафұрұш/алаунүріш*, *аслан/әслан*, *афсун/афсүн*, *ахд/ақд*, *әлфирақ/әлпірақ*, *барағат/барат*, *баһан/бәһәна*, *баһра/бәһра*, *башарат/бәшерет*, *бәллұр/биллур*, *бейқұда/бейхұда*, *бихуд/биһуд*, *бүстан/бұстан*, *гәриан/гәриян*, *ғазат/қазат*, *ғауға/қауға*, *ғифрит/ифрит*, *ғиш/ғәйиш*, *ғуд/уд*, *дилбар/ділбар*, *диуан/дуан*, *жәзір/жазыр*, *жүһүд/жүһүт*, *зақұм/зақұм*, *зәнжабил/занжабіл*, *зиада/зияда*, *зүлжалал/зүлжалал*, *зүлфі/зүлпы*, *ихфа/ихпа*, *кәфарат/капарат*, *күлфат/күлпат*, *машиғұл/машиғұл*, *мантиқ/мантық*, *махсус/махсұс*, *махфуз/махфұз*, *машиғұл/мәшиғұл*, *мәзкүр/мазкур*, *мәләйік/мәлеик*, *миллат/милләт*, *миск/мәсік*, *муазин/муәзін*, *муафиқ/муафық*,

*муқарраб/мұқарраб, мұнажжим/мүнәжім, мүшірік/мүшірік, ниқаб/нықап, нұжум/нұжұм, пәренжі/фәрәнжі, рүкүз/рукүз, сұбхан/субхан, тағбир/табир, тағриф/тағриб, тауап/тәуап, таһарат/таһрат, уасил/уасыл, уахи/уәхи, уәли/уали, фахим/фахым, фирдаус/фирдауыс, хадие/хәдие, хадиса/қадиса, хамд/хамыд, хусусан/хосусан, һұжұм/һұжым, шариф/шәріп, шаһбаз/шаһбаза, шаһид/шәһид, шәукат/шаукат, шигыр/шиғр, шиит/шиғи, шүһрат/шүһрәт, т.б.* Жазылымда бір сөзді осылайша бірнеше фонетикалық варианттарымен әрқалай жаза беру емле ережесіне қайшы нәрсе. Дұрыс болып танылмайды.

Жаңа латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікте» мынадай мәселелер ескерілсе деген ұсыныс айтамыз:

1) Соңғы жылдары жиі қолданысқа ене бастаған діни атауларды сөздікке енгізген дұрыс. Себебі, жарыққа шығып жатқан діни кітаптарда бұл тәрізді сөздер тұрақты түрде қолданылып келеді. Мысалы: *абд* (құдайдың құлы), *барағат* (мұсылмандық күнтізбе бойынша шағбан айының он төртінші күні өтетін барағат (тазару, күнәсіз болу) күні), *забих* (құрбандыққа арналған мал), *кәниса* (шіркеу), *кәшиш* (поп, шіркеу қызметкері), *муазин* (намазға шақырушы, азан айтушы), *фажир* (қунаһар, имансыз), *фирдаус* (жұмақ бағы), *һауиа* (тозақ аты), т.б.

2) Қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын алайда, жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті шығармаларында жиі кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің бір варианты «Орфографиялық сөздікке» енгізілсе. Мысалы: **бекем** сөзінің *махкам, мехкам, махкүм, мәхкәм*; **күнәсөзінің** *күнаһ, күнәһ, күнаһи, күнәһи, гүнаһ, гунаһ, гүнәһ, күнай, күнәй*; **неке** сөзінің *никах, неках, неқақ, некаһ*; **жүп** сөзінің *жұфұт, жүфұт, жүфүт, жұфұт*; **айла** сөзінің *хайла, ила, илә, қайла, һайла*; **байтақ** сөзінің *пайтақыт, пайтахыт, пайтахт*; **тақ** сөзінің *тақыт, тахт, тахыт*; **дәрет** сөзінің *таһарат, шадияр* сөзінің *шаһариар, шәһәриар, шарияр, шаруар, шәриар*; **зайып** сөзінің *зағифа, зағиф* варианттары ескі кітаби тілге тән дыбыстық нұсқалар болып табылады. Болашақта латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікке» осы көнелік формалардың біреуін ендіру қажет. Өйткені нормаландыру принципі қолға алынбағандықтан, жарыққа шығып жатқан кітаптарда көнелік формалар осылайша әртүрлі нұсқалармен көпшілікке ұсынылып келе жатыр.

3) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» көрсетілген нұсқасы бола тұра, екінші дыбыстық нұсқаларының да қатар қолданыла беру жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы: *ажуа/әжуа, байтолла/байтулла, бәдеуи//бәдәуи, жәһіл/жаһил/жәһил, рәкат/раказат/рәказат, рубай/рубаи, нәмақұл/намақұл, тәйем/тайаммом, сәргәрда/сәргарда, кәләндер/кәләндар уағалайкүмассалам/уағалейкүмассалам, асфаһани/исфаһан/испаһан.* Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» бұл сөздердің бірінші тұрған нұсқалары берілген. Алайда сөздікте көрсетілген нұсқа емес, керісінше, екінші нұсқаның қолданым аясының кеңдігіне біз зерттеу барысында көз жеткіздік, екінші варианттары басым қолданыста. Сондықтан екінші нұсқаларын орфографиялық сөздікке алу керек.

4) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» *гафу* да, *гану* да, *дертменді* де, *дертмене* де берілген. Бұлардың бір ғана нұсқасы көрсетілуі шарт.

5) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздіктің» реестрінде *тамғашы*, *наубайшы*, *мизаншы*, *гафілдік* сөздері алынған, жазба шығармаларда *тамға*, *наубай*, *мизан*, *гафыл* сөздерінің де актив қолданыста болғанына сүйене отырып, түбірлерді де сөздікке енгізген дұрыс.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген және орфографиялық сөздікке ендірілмеген ескі кітаби сөздер саны 370-ке жуық. Ол сөздердің барлығын орфографиялық сөздікке алу керек деуден аулақпыз. Алайда қисса-дастандарда, ауыз әдебиеті жырларында, жыраулар поэзиясында, жазба мұраларда, қазір шығып жатқан діни кітаптар мен БАҚ құралдарында тұрақты түрде әрі жиі ұшырасатын бірліктерді іріктеп, олардың жазылым нормасын орфографиялық сөздікке ендіріп, көпшілікке ұсынған абзал деген ойдамыз. Төменде біз ұсынып отырған сөздердің ішінде қай нұсқаны сөздікке ендіру керек, қай нұсқаның емлесі дұрыс деген мәселе өз алдына бөлек зерттеуді талап етеді. Яғни сөздікке нақты алынатын нұсқаны қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, қосымша жалғану тәртібіне, қолданым жиілігіне қарай анықтау ісі мұқият жүргізілуі шарт. Бұл бойынша қазір зерттеу, талдау жұмыстары жүргізілуде. Болашақта латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікке» төмендегі ескі кітаби тіл бірліктерінің дұрыс деп таңдалған бір нұсқасы міндетті түрде ендірілсе деген ұсынысымыз бар. Себебі, бұлар қоғамдық және діни сананың жаңғыруына байланысты әлеуметтік және қоғамдық мәнге ие болып келе жатқан сөздер болып табылады:

**АҚАЙД, ҒАҚАЙД** (ар. *ақайд*) – 1. *Наным, сенім.* 2. *Дүниетаным, ұстаным.* 3. *Ислам дінінің негізгі қағидаларын үйрететін кітап.*

**АЛУАФҰРҰШ, АЛАУПҰРҰШ** (пар.*халуафруш*) – *алуа сатушы.*

**АРАФА, АРАПА, АРАФАТ** (ар. *арафа*) – 1. *Меккенің шығысындағы таудың аты.* 2. *Құрбан айттан бір күн бұрын болатын арапа түні (зулхиджа айының тоғызыншы күні), қажыға барушылардың Арафат тауында діни рәсім өткізетін күні.*

**АСЛАН, ӘСЛАН, АСЛА, ӘСЛӘ** (ар. *аслан*) – *мүлде, тіпті, еш.* 2. *Шыққан тегі, руы.*

**АСХАБ, АСХАП, АСҚАБ** (ар. *асхаб*) – *сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбарғ.с. серіктері.*

**АФСҰН, АФСҰН, АПСИН, ӘФСҰН, ӘПСҰН, ӘПСҰН** (пар.*афсун*) – *сиқырлы дұға, сиқыр.*

**АХД, АҚД, АҢЫД, ҒАҚД, ҒАҢИД** (*ahd* (ар), *ақд* (пар.)) – *келісім, мәміле, уәде, шарт.*

**АҢЫЛ, АҢИЛ, АҢЛ, АҢЛУ, АҢЛИ, АХЛУ, ӘҢЛІ, ӘҢІЛ** (ар. *әһл*) – 1. *Туыс, ағайын.* 2. *Ел, қауым, мекендеуші тұрғындар.*

**ӘЛЕЙҢИССАЛАМ, АЛӘЙҢИССАЛАМ, АЛАИХҰЛАСЛАМ, ҒАЛАЙХИССАЛЕМ** (ар. *әлейһассалам*) – *Алла жарылқасын*

(Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу).

**ӘЛФИРАҚ, АЛФЫРАҚ, ӘЛШІРАҚ** (ар. алфирақ) – қош бол!

**БАХИЛ, БӘХИЛ, БАҚЫЛ** (пар. бахил) – тақыс, сараң, ашкөз.

**БАХР, БАХЫР** (ар. бахр) – теңіз.

**БАҺАНА, БӘҺӘНА, БӘҺӘНӘ, БӘҺАНА, ФАҺАНА** (пар. баһана) – сылтау.

**БАҺРА, БӘҺРА, БАҺЫРА, БАХРИ** (пар. баһра) – 1. Қайыр, шапағат, ізеттілік. 2. Пайда, үлгі, шарапат. 3. Ауысп. Таң қалу.

**БАШАРАТ, БӘШЕРЕТ, БӘШІРЕТ** (ар. бишарат) – 1. Қуанышты мәлімет, қуанышты хабар. Бәшерет белгі – қуаныш нышаны. 2. Белгі, хабар.

**БӘДИҒ, БАДИҒ** (ар. бадиг) – 1. Сұлу, әдемі. 2. Тәңір, жаратушы.

**БӘЛАНД, БАЛАНТ, БӨЛАНТ, БОЛӘНД** (пар. боланд) – биік, жоғары.

**БӘЛЛҰР, БИЛЛУР, БІЛЛҰР** (пар. бәллур) – хрусталь.

**БӘША, БӘСША, БЕШЕ** (пар. бача) – бала.

**БЕЙНИҺАЯТ, БИНИҺАЙАТ, БЕЙНИҺАЯ, БИ НЕХАЯТ, БИ НИҺАЯТ, БИНИҺАЯТ** (пар. биниһайат) – шексіз.

**БЕРИАН, БЕРИЯН, БАРИЯН, ПӘРИЯН** (пар. бериан) – 1. Отқа қақтау, отқа пісіру, қуыру. 2. Ауысп. Жүрегі күй, аһ ұру.

**БИЛЛАҺИ, БИЛЛА** (ар. биллаһи) – Алла атымен ант етемін.

**БИХУД, БИҺУД, БИҺҰДА, БЕЙҚҰДА** (пар. бихуд) – 1. Есінен тану. 2. Бекерге, босқа.

**БУСТАН, БҰСТАН, БОСТАН** (пар. бустан) – жайқалған бақ.

**ГӨРИАН, ГӨРИЯН, ГОРИЯН, ГӘРЯН, ГЕРИАН** (пар. гуриян) – жылау, еңіреу.

**ҒАМАМА, ҒИМАМА, ҒИМАМЕ** (ар. гамама) – сәлде, шалма.

**ҒАМКІН, ҒАМГҮН, ҒАМКҮН, ҒАМКЕН** (пар. гамгин) – қайғылы, құсалы.

**ҒАНБАР, ҒАНБЕР, ҒИНБАР** (ар. ганбар) – кит тұқымдастардан алынатын хош иісті зат, амбра.

**ҒАФЫЛ, ҒАШЛ, ҒАПЫЛ, ҚАПЫЛ** (ар. гафил) – 1. Аңқау, алаңғасар. 2. Бейқам, қаперсіз, жайбарақат. Ғафл ұйқы – алаңсыз ұйқы. Ғапылдық [ғапілдік] – бейқамдық.

**ҒИФРИТ, ИФРИТ** (ар. гифрит) – 1. Шын-шайтан, пері. 2. Құбыжық, зұлым күш иесі.

**ҒИШ, ҒӘЙШ, ҒАЙШЫ** (пар. гиш) – 1. Нан, тамақ. 2. Рахат өмір, жақсы тұрмыс.

**ҒИШ-ҒИШРАТ, ҒАЙШ-ҒИШРАТ, ҒАЙЫШ-ҒИШРӘТ, ҒӘЙШ-ҒИШАРАТ, ҒЕЙШ-ҒИШРАТ** (пар. гиш гишрат) – 1. Той, сауық-сайран, дыр-думан. 2. Көңіл көтеру. 3. Қызықты, рахат өмір.

**ҒУД, УД** (ар. гуд) – 1. Алоэ. 2. Сарғалдақ. 3. Жақсы иіс шығару үшін жазатын хош иісті ағаш бұтағы.

**ДАФИҒ, ДАФИҚ** (ар. дафиг) – қарсылық, тойтарыс.

**ДИЛБАР, ДІЛБАР, ДІЛБИГАР** (пар. дилбар) – 1. Сұлу, сүйкімді, тартымды, назды ару. 2. Сүйікті, гашиқ.

**ДИУАН, ДУАН** (ар. диуан) – 1. Жиын, кеңес, сот. 2. Жинақ, өлеңдер жинағы. 3. Отыруға арналған жұмсақ жиһаз, диван. 4. Ауысп. Аймақ, ел, өңір.

**ЖАМИҒ, ЖӘМИҒ, ЖАМҒ, ЖАМ, ЖАМИҒИ, ЖӘМИ, ЖӘМИ** (ар. жамиғ) – 1. Жинау, жиналу. 2. Барлығы, күллі, бүкіл.

**ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮТ, ЖӨЙТ, ЖӨҺИД, ЖАҺУТ** (ар. uahud) – еврей.

**ЗАЙЫҒ, ЗАЙЫҚ, ЗАЙҒЫ, ЗАЙҚЫ** (ар. зайғ) – 1. Зая, құр-бекер, босқа. 2. Жоғалу, құру.

**ЗАҚУМ, ЗАҚҰМ, ЗАҚҚУМ, ЗАҚЫМ** (ар. зақум) – 1. Діни. Тозақта өсетін жемісі улы ағаш. 2. Ауысп. У, улы зат.

**ЗАРУРАТ, ЗАРУАТ, ЗӨРУРАТ** (ар. дарурат) – Қажеттілік, мұқтаждық.

**ЗАХМАТ, ЗАХМЕТ, ЗАҚЫМЕТ** (ар. захмат) – 1. Қыспақ, қысым. 2. Азап, қиындық.

**ЗАҺИР, ЗАХИР** (ар. zahir) – 1. Нақты, белгілі, айқын, анық. 2. Аяттары арқылы бар екенін білдіріп тұрушы деген ұғымда қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**ЗӘНЖАБИЛ, ЗАНЖАБИЛ** (ар. занжабил) – 1. Имбирь. 2. Жұмақтағы бұлақ аты.

**ЗҮЛЖАЛАЛ, ЗҮЛЖАЛАЛ, ЗҮЛЖЕЛЕЛ, ЗҮЛЗАЛАТ, ЗҮЛ-ЗӘЛЛА** (ар. зулжалал) – ұлылық пен құдірет иесі деген ұғымда қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**ЗҮЛФИ, ЗҮЛФИ, ЗАЛФЫ, ЗАЛЫФ** (пар. зулф) – 1. Шаш, бұйра шаш. 2. Бұрым.

**ИЗН, ИЗИН, ИЗИН** (ар. изн) – рұқсат.

**ИСФАҺАН, ИСПАҺАН, ИСПАХАН, АСФАҺАН, АСПАҺАН, АСПАҚАН, АСБАҺАН** (пар. исфахан) – жер атауы.

**ИХРАЖ, ЫҚЫРАЖ** (ар. ихраж) – шығын, салық.

**ИХФА, ИХПА** (ар. ихфа) – 1. Жасыру. 2. Күннің не айдың тұтылуы. 3. Ауысп. Көз байлайтын сиқыршылық ілімі.

**КАЛАМ, КӘЛАМ, КӘЛӘМ, КӘЛЕМ** (ар. кәлам) – 1. Сөз, әңгіме. 2. Ауысп. Құран.

**КӘЛЛА, КӘЛЛӘ, КӘЛЛЕ, КЕЛДЕ** (пар. кәлле) – 1. Бас. 2. Бас жағы, ұшы

**КӘТТА, КАТТА, КӘТТӘ, КӘТТЕ, КЕТТЕ, ХӘТТА** (пар. кәттә) – 1. Үлкен. 2. Ауысп. Жасы үлкендер. Кәтталығы – үлкендігі.

**КӘФАРАТ, КАПАРАТ, КІПАРАТ** (ар. каффарат) – 1. Күнәні жуу үшін берілетін қайыр-садақа. 2. Күнәні өтеу, жуу.

**КУЛЛИАТ, КҮЛЛИАТ, КҮЛЛИЯТ** (ар. куллиат) – барлық, бүкіл; күллі сөзінің көпше түрі.

**КУЛФАТ, КҮЛФАТ, КҮЛПАТ, КҮЛПӘТ** (пар. *кулфат*) –қиындық, азап, машақат.

**ҚАНДИЛ, ҚАНДІЛ, ҚАНАДИЛ, ҚАНДАЛ** (ар. *қиндил*) –1. Шамдал (бірнеше шырақ қоятын зат). 2.Шам, шырақ.

**ҚҰББА, ҚУББА, ҚҰББЕ** (ар. *қубба*) – 1. Күмбез. 2. Күмбезді ғимарат. 3. Ауысп. Үңгір, шұңқыр.

**ҚҰДАУАНДА, ҚҰДАУӘНДА, ҚҰДАУӘНДӘ, ХҰДАУӘНДЕ** – О, жаратушы, Құдай Тағала.

**ЛАТИФ, ЛӘТИФ** (ар. *латиф*) – 1. Сыпайылық, ізеттілік.2. Жарқын, жайдары.3. Кеңшілік иесі деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**МАҒШУҒ, МАҒШҰҒ, МАҒШҰҚ** (ар. *мағшуқ*) – 1. Сүйікті, жақсы көретін ғашығы. 2. Ғашық, ынтық.

**МАЛАМАТ, МӘЛАМАТ, МӘЛӘМАТ** (ар. *маламат*) – 1. Ұрыс, керіс. 2. Кінәлау, жазғыру, сөгу. 3. Ауысп. Бүлік.

**МАНТИҚ, МАНТЫҚ, МӘНТАҚ**(ар. *мантиқ*) – 1. Тіл, сөйлеу. 2. Логика.

**МАХБҰБ, МАХБҮБ, МАХБОП, МАХБҮБА, МАХБҮБӘ** (ар. *махбуб*, *махбуба*) – 1. Сүйікті, жақсы көретін ғашық жан. 2. Ауысп. Жақсы, қадірлі. 3. Ауысп. Әдемі, сүйкімді, сұлу.

**МАХФУЗ, МАХФҰЗ, МАХФУЗЫ, МӘХФҰЗ, МӘХБУЗ** (ар. *махфуз*) – 1. Сақталған, жадында ұсталған. 2. Діни ұғым бойынша әр адамның тағдыры жазылып тұрған орын.

**МАШҒҰЛ, МӘШҒҰЛ, МАШҚҰЛ** (ар. *мәшғұл*) – шұғылдану, айналысу, істеу, жасау.

**МАШРИҚ, МАШРИХ, МАШЫРЫҚ** (ар. *машириқ*) – шығыс, күншығыс.

**МАШУРАТ, МӘШУРАТ, МҮШӘУРА, МҮШӘУРАТ** (ар. *мушаурат*, *машурат*) – 1. Жиын, жиылыс. 2. Ақыл-кеңес.

**МӘЛАК, МӘЛӘК, МӘЛІК** (ар. *мәлак*) –періште.

**МӘЛӘЙК, МӘЛЕИК** (ар. *мәлайк*) – періштелер.

**МИЛЛАТ, МИЛЛӘТ, МИЛЛЕТ, МІЛЛӘТ, МІЛЛЕТ** (ар. *миллат*) –1. Діни қауым, діни топ. 2. Дінге сену. 3. Халық, ұлт.

**МИСК, МӘСІК, МАСКИ, МҮСКІ, МҮШКІ** (*миск* (ар.), *мушк* (пар.) – бірқатар жануарлардың ұрық безінен шығатын хош иісті зат, мускус.

**МИСІЛ, МИСЛӘ, МИСЛЕ, МИСЛИ** (ар. *мисл*) –секілді, сияқты, тәрізді, ұқсас.

**МУАФИҚ, МУАФЫҚ, МУАПЫҚ** (ар. *муафиқ*) – сәйкес, сай, лайық.

**МУҚАРРАБ, МҮҚАРРАБ** (ар. *муқарраб*) – жақын.

**МҮНАЖЖИМ, МҮНӘЖІМ, МӘНЖАМ** (ар. *мунажжим*) – астролог, жұлдызнамашы, жұлдыздарға қарап бал ашушы.

**МҮРАССАҒ, МҮРАССАҚ, МҮРАССИҒ**(пар. *мурассағ*) –асыл тастармен әшекейленген, безендірілген.

**МҮРСАЛ, МҮРСАЛ, МУРСАЛ, МӘРСИЛ**(ар. *мурсал*) –1. Жіберілген. 2.Миссионер. 3. Жіберілген елші, пайғамбар.

**МУДӘРРИС, МУДӘРИС, МУДӘРРИС, МУДДӘРРИС, МУДІРИС** (ар. *мударрис*) – мұғалім, ұстаз, сабақ беруші.

**МУҲЛАТ, МУҲЛӘТ, МҰХЛАТ, МҰХЛӘТ, МИҲЛАТ**(ар. *муһлат*) –1. Тоқтату. 2. Кейінге қалдыру. 3. Мерзім, уақыт.

**МУШРІК, МУШРІК** (ар. *муширк*) – Аллаға серік қосушы, нұтқа табынушы.

**МІНӘСІП, МУНАСИБ, МҮНӘСІП** (ар. *мунасиб*) – 1. Сәйкес, сай, лайық. 2. Жарасымды, үйлесімді.

**НАБУД, НАБИТ, НАБҰТ, НАБЫТ, НАУЫТ** (пар. *набуд*) –қыру, қырылу, құрту, жойылу. **Сабырсыздың түбі – науыт –сабырсыздың түбі – сор.**

**НАГАҒАН, НӘГАҒАН, НӘКАҒ** (пар. *нагаһан*) – аяқ астынан.

**НАДАМАТ, НӘДАМАТ**(пар. *надамат*) – өкініш, өкіну.

**НАМ, НӘМ** (пар. *нам*) – 1. Ат, есім. 2. Атақ-даңқ, мәшһүрлік, танымалдылық. 3. Аттас, тектес, туыстас.

**НАМАХРАМ, НӘМАХРАМ** (пар. *намахрам*) – бөтен, жат, туыс емес.

**НАМДАР, НАМЫДАР** (пар. *намдар*) – танымал, атақты, мәшһүр.

**НИҒАЯТ, НИХАЯТ** (ар. *ниһайа*) –1. Ақыр-аяғы. 2. Шек, соңы.

**НУЖУМ, НҮЖҰМ, НҮЖҮМ** (ар. *нужум*) – нажмнің көпше түрі, жұлдыздар. **Ғылым нүжүм – астрономия.**

**ПАҒПУР, ПАҒФУР, БАҒПУР, ФАҒПҮР, ФАҒФУР** (пар. *фағфур*) – 1. Фарфор (Ерте кезде Қытайда фарфордан жасалған қымбат шыны). 2. Қытай императоры.

**ПАРИШАН, ПӘРИШАН** (пар. *паришан*) – 1. Қобалжу, абыржу. 2. Қайғыру, күйіну, қағы, мұң.

**ПАРУА, ПӘРУА, ПАРУАЙ, ПӘРУАЙ, ПРУАЙ, ФАРУАЙ** (пар. *паруа*) – 1. Ынтызар, құштар. 2. Қорқыныш, үрей.

**ПӘДЕР, ПӘДАР** (пар. *пәдар*) – әке.

**ПӘКИЗАТ, ПАКИЗАТ** (пар. *пакизе*) – 1. Ажарлы, әдемі, сүйкімді. 2. Мінсіз, мұнтаздай.

**ПӘНЖА, ПАНЖА** (пар. *панже*) –1. Саусақ. 2. Тырнақ.

**ПӘРЕНЖІ, ПАРАНЖА, ФӘРӘНЖІ** (ар. *фаражиа*) – 1. Мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі. 2. Дін қызметкерлерінің киетін жеңді ұзын сырт киімі.

**РӘМИЛ, РӘМІЛ, РАМЛ, РАМАЛ** (ар. *рамл*)– 1. Құм, қиыршық тас. Рүмлі [рамлы] – құмды. 2. Құмға, майда тасқа бал ашу.

**РИУАЯТ, РАУАЯТ, РАУАТ** (ар. *руайат*) –1. Қисса, әңгіме, хикая. 2. Қисса, әңгіме, хикая айтушы, баяндаушы.

**РУКҮҒ, РУКҮҒ** (ар. *рукуғ*) – намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею.

**САДАП, САДАФ, САДӘП, САДЫП, СЕДЕП** (ар. *сәдаф*) – асыл тас.

**СУБХАН, СУБХАН** (ар. *субхан*) – 1. Алланы дәріптеу, мадақтау. 2. Күшті, таза деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың теңеуі.

**ТАҒРИФ, ТАҒРИБ** (ар. *тағриф*) – 1. Түсіндіру, ұғындыру. 2. Анықтау, танысу. 3. Анықтама, мән-мағына. 4. Мадақтау, ұлылау.

**ТАСНИФ, ТӘСНИФ** (ар. *тасниф*) – жазу, құрастыру; шығарма.

**ТАУАП, ТӘУАП, ТӘУАБ, ТАУАФ** (ар. *тауаф*) – 1. Айналып жүріп сыйыну, тағзым ету. 2. Құлшылық ету, табыну.

**ТАФСІЛ, ТӘФСІЛ** (ар. *тафсил*) – жан-жақты мазмұны, бүге-шігесі.

**ТАҺАРАТ, ТАҺРАТ** (ар. *таһарат*) – 1. Тазалық. 2. Сүндет. 3. Намаз оқу алдында тазалану, дәрет алу.

**ТӘКБИР, ТӘКБІР** (ар. *такбир*) – Алланы дәріптеу, «Алла ұлы (Аллаһу акбар)» деп айту.

**УАСИЛ, УАСЫЛ, УӘСІЛ, УӘСӘЛ, УӘСІЛ, УАСЛ** (ар. *уасил*) – 1. Арманына, мақсатына жету. 2. Дәнекер, себепкер. 3. Ауысп. Келу, жету.

**УАСИФ, УӘСФ, УӘСИФ, УӘСІФ, УӘФС** (ар. *уасиф*) – түр, бейне, сипат.

**УАСУАСА, УӘСУАС, УӘСУӘС, АСУАС** (ар. *уасуаса*) – азғыру, арбау, алдау.

**УАХИ, УӘХИ** (ар. *уаххи*) – Алладан келген аян.

**ҮЛПАТ, ҮЛФӘТ, ҰЛПАТ, ҰЛПӘТ** (пар. *улфәт*) – 1. Дос, достық қарым-қатынас. 2. Жақын, жақындық. 3. Сүйкімділік.

**ФАҒАН, ФАҒАН, ФЕҒАН, ФИҒАН, ПАҒАН** (пар. *фаған*) – зар еңіреп жылау.

**ФАЛАК, ФӘЛАК, ФӘЛӘК, ПАЛАК, ПӘЛАК** (пар. *фәлак*) – 1. Аспан. 2. Жазмыш, тағдыр.

**ФАХИМ, ФАХЫМ, ФАҺИМ, ФӘҺИМ, БАҺЫМ, ПӘҺИМ, ПАХМ** (ар. *фаһм, фаһһам*) – 1. Ақыл, ой. 2. Түсіну, аңғару, ұғу. 3. Байқау, сезу, қырағылық.

**ФИТНА, ФИТНӘ, ФИТІНӘ, ПІТНА, ПІТНЕ** (пар. *фитне*) – 1. Бүлік, дүрбелең. 2. Дін бұзушылық. 3. Арам ойлылық. 4. Ауыртпалық, қиыншылық.

**ХАДИЕ, ХӘДИЕ, ҺӘДИЕ, ҺӘДИЯ, ҺАДИЙА, ӘДИЯ** (ар. *һәдие*) – 1. Сыйлық. 2. Сый-сияпат көрсету.

**ХАМЛА, ХАМЛЕ, ХҮМЛА, ХАМЛ, ХАМИЛА, ХАМИЛ, ХӘМИЛӘ** (ар. *хамла, хамл*) – 1. Жүкті, аяғы ауыр. 2. Иштегі нәресте.

**ХАРАБ, ХАРАП, ХӘРАБ, ХАРАБА, ҚАРАП** (пар. *хараб*) – 1. Жоқ қылу, қырып-жою. 2. Қирату, қирау, талқандау. 3. Қиындық, ауырлық, азап.

**ХАСИЛ, ХАСЫЛ, ҚАСЫЛ, ҒАСЫЛ, ӘСІЛ** (ар. *хасил*) – 1. Нәтиже, табыс, қорытынды. 2. Қол жеткізу, жүзеге асу. 3. Мән-мағына.

**ХАТИР, ХАТЫР, ХАТІР** (ар. *хатир*) – 1. Ақыл, ес, ой. 2. Пейіл. 3. Ауысп. Көңіл-күй.

**ХИЛАФ, ХИЛӘФ, ХИЛАП, ХЛАП, ХЫЛАП** (пар. *хилаф*) – 1. Қарама-қайшы, қарсы, қарсылық. 2. Дау, жанжал. 3. Өтірік, жалған.

**ҺӘММАТ, ҺӘММӘТ, ҺАММАТ, ҺИММАТ, ҺИММӘТ** (ар. *һәммат*) – 1. Жігер, күш, қуат. 2. Машақат. 3. Бәждаһат, ынта, ықылас.

**ҺҮЖҮМ, ҺҮЖЫМ** (ар. *һужум*) – шабуыл, лап қою, бас салу.

**ШАРИФ, ШӘРИФ, ШӘРІП** (ар. *шариф*) – 1. Мейірімді. 2. Ауысп. Киелі, қасиетті. 2. Құрметті, қадірлі. 3. Адал, пәк. 4. Әміршінің титулы.



**ШАҒАРИАР, ШӘҒӘРИАР, ШАРИЯР, ШАРИАР, ШӘРИАР, ШАДИЯР** (пар. *Чаһариар. Чаһар – төрт, иар – дос*) – Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли.

**ШАҒЗАТ, ШАҒИЗАТ, ШӘҒЗАТ** (пар. *шаһзад*) – патшаның, шаһтың баласы, тұқымы.

**ШАҒИД, ШАҒИТ, ШӘҒИД** (ар. *шаһид*) – 1. Қайтыс болу, қаза табу, опат болу. 2. Ауысп. Қаза табушы, опат болушы.

**ШАҒМАРАН, ШАҒИМАРАН, ШАҒИМАРДАН** – (пар. *шаһимаран*) – 1. Жыландардың патшасы 2. Ауысп. Батырлардың батыры, батырлардың патшасы. 3. Ауысп. Әзірет Әлидің эпитеті.

**ШАШМА, ШЕШМА, ШИШМА, ЧИШМӘ, ЖӘШІМ** (пар. *чашма*) – 1. Бұлақ. 2. Ауысп. Өзен.

**ШӘУКАТ, ШАУКАТ, ШАУКЕТ, ШӘУКЕТ** (ар. *шәукат*) – күш, қуат, құдірет.

**ШИҒЫР, ШИҒР** (ар. *шиғр*) – өлең, тақпақ, жыр.

**ШИИТ, ШИҒИ, ШИҒА** (ар. *шиға*) – 1. Топ, партия. 2. Ислам дінінің шиға бағытын ұстанушылар (Ислам діні екі үлкен топқа бөлінеді: сүнни және шиғи).

**ЫНСАП, НЫСАП, ИНСАФ, ИНСАП, ЫСАБ** (пар. *инсаф*) – 1. Әділ, әділдік, әділетті, әділеттілік. 2. Ауысп. Қанағат.

**Г.Мамырбекова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының*

*жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

### **Ескі кітаби лексика мен араб, парсы сөздерін «Орфографиялық сөздікке» енгізу мәселесі**

(Ult kz. сайты. 7 маусым, 2018 ж.).

Жаңа латын графикасына көшу барысында тілші мамандар тарапынан жүзеге асуы тиіс басты мәселелердің бірі – емле ережесінің түзілуі, кірме сөздер мен терминдердің, ономастикалық атаулардың таңбалану жүйесін нақтылау ісі. Осылардың ішінде кірме сөздердің қатарынан орын алатын ескі кітаби лексика мен араб, парсы сөздерін латын графикасымен шығатын жаңа «Орфографиялық сөздікке» енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Оның бірнеше себептері бар:

**Біріншіден**, егемендік алғаннан кейін ислам дініне қатысты ұғымдар мен тіркестертілдік қолданысымызға молынан ене бастады. Мәселен, мына тәрізді сөздер соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» берілмеген, қазіргі таңда бұлар әртүрлі нұсқада ала-кұла таңбаланып келеді: *арафа/арана* (кұрбан айттан бір күн бұрын болатын түн), *асхаб/асхан/асқаб* (сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбарғ.с. серіктері), *әлейһиссалам/аләйһиссалам/алаихұласлам/ғалайһиссалам* (Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу: Алла

жарылқасын), *мәлак/мәләк* (періште), *мәләйік/мәлеик* (періштелер), *пәренжі/фәренжі/паранжа* (мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі), *тауап/тәуап/тәуаб* (құлшылық ету, табыну), *рүкүз/рукүз*(намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), т.б.

**Екіншіден**, кезіндесаяси идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, көптеген ауыз әдебиеті мұраларымыз жарыққа шықпағаны белгілі. Ондай жәдігерлер қатарында діни дастандар, магиялық, мифтік аңыздар мен тарихи жырлар бар. Бұлардың барлығы, тәуелсіздік алғаннан кейін жариялана бастады да, оларда кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің орфографиясында бірізділік сақталмай келе жатыр. Мысалы: *аһыл/аһил/аһл/әһлі/әһіл*(туыс, ағайын; ел, қауым), *зафыл/запіл/запыл/қапыл* (аңқау; бейқам), *дафиз/дафиқ* (қарсылық), *жамиз/жәмиз/жамизги/жәми/жәмі* (барлығы, күллі), *калам/кәлам/кәләм/кәлем* (сөз, әңгіме), *машғұл/мәшғұл/машқұл* (шұғылдану, істеу), *маширқ/маширх/машырық* (шығыс, күншығыс), *зәнжабил/занжабіл* (имбирь; жұмақтағы бұлақ аты), т.б.

Жалпы «Орфографиялық сөздікте» жоқ, бірақ бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби сөздердің жалпы саны 370 шамасында. Бұл жазу мәдениетімізге нұқсан келтіретін өте үлкен көрсеткіш. Бұлардың бірғана нұсқасын жазылымда норма ретінде тану күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі ұшырасатын жарыспалы вариантта қолданылып жүрген мына тәрізді сөздердің әдеби тілде норма деп танылған бір нұсқасы «Орфографиялық сөздікке» міндетті түрде енгізілуі қажет-ақ: *ақайд/зақайд, афсун/афсүн, барағат/барат, баһан/бәһәна, башарат/бәшерет, бейқұда/бейхұда, бихуд/биһуд, бұстан/бұстан, гәриан/гәриян, ділбар/ділбар, диуан/дуан, жүһүд/жүһүт, зақум/зақұм, зәнжабил/занжабіл, зиада/зияда, зұлжалал/зұлжалал, зүлфі/зүлфи, ихфа/ихпа, кәфарат/капарат, күлфат/күлпат, мағшуг/мағшұғ, мантиқ/мантық, махсус/махсұс, махфуз/махфұз, машғұл/мәшғұл, мәзкүр/мазкур, мәләйік/мәлеик, миллат/милләт, муафиқ/муафиқ, муқарраб/мұқарраб, мүширқ/мүширқ, нұжум/нұжұм, пәренжі/фәренжі, рүкүз/рукүз, сұбхан/субхан, тауап/тәуап, шариф/шәріп, шаһид/шәһид, шәукат/шаукат, шигыр/шигр, шит/шиги*, т.б. Жазылымда бір сөзді осылайша бірнеше фонетикалық варианттарымен әрқалай жаза беру емле ережесіне қайшы нәрсе. Дұрыс болып танылмайды.

Алдағы уақытта жаңа латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікте» мынадай мәселелербасты назарда болғаны жөн:

1) Соңғы жылдары жиі қолданысқа ене бастаған діни атаулардың дұрыс деп танылған вариантын сөздікке енгізген дұрыс. Себебі, бұл тәрізді сөздер әртүрлі нұсқада тұрақты түрде қолданылып келеді. Мысалы: *кәниса/каниса* (шіркеу), *кәшиш/кашиш* (поп, шіркеу қызметкері), *муазин/муәзин*(намазға шақырушы, азан айтушы), *һауиа/Һәуиә* (тозақ аты), т.б.

2) Қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын алайда, жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті шығармаларында жиі кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің

бір варианты «Орфографиялық сөздікке» енгізілгені дұрыс. Өйткені нормаландыру принципі қолға алынбағандықтан, жарыққа шығып жатқан кітаптарда көнелік формалар әртүрлі нұсқалармен көпшілікке ұсынылып келе жатыр. Мысалы: *бекем*сөзінің *махкам, мехкам, мэхкәм; дәрет*сөзінің *таһарат, тахарат, шадияр* сөзінің *шаһариар, шәһәриар, шарияр, шаруар, шәриарт.б.*

3) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» көрсетілген нұсқасы бола тұра, екінші дыбыстық нұсқаларының да қатар қолданыла беру жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы: *ажуа/әжуа, байтолла/байтулла, бәдеуи//бәдәуи, жәһіл/жаһил/жәһил, рәкат/ракағат/рәкағат, рубай/рубаи, нәмақұл/намақұл, тәйем/тайаммом, сәргәрда/сәргарда, кәләндер/кәләндар*, т.б. Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» бұл сөздердің бірінші тұрған нұсқалары берілген. Алайда сөздікте көрсетілген нұсқа емес, керісінше, екінші нұсқаның қолданым аясының кендігіне біз зерттеу барысында көз жеткіздік, яғни екінші варианттары басым қолданыста. Сондықтан екінші нұсқаларын «Орфографиялық сөздікке» алу керек.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген және орфографиялық сөздікке ендірілмеген ескі кітаби лексика мен араб, парсы сөздерінің саны 370-ке жуық. Ол сөздердің барлығын орфографиялық сөздікке алу керек деуден аулақпыз. Алайда қисса-дастандарда, ауыз әдебиеті жырларында, жыраулар поэзиясында, жазба мұраларда, қазір шығып жатқан діни кітаптар мен БАҚ құралдарында тұрақты түрде әрі жиі ұшырасатын бірліктерді іріктеп, олардың жазылым нормасын орфографиялық сөздікке ендіріп, көпшілікке ұсынған абзал деген ойдамыз. Ондай сөздердің ішінде қай нұсқасын сөздікке ендіру керек, қай нұсқаның емлесі дұрыс деген мәселе өз алдына бөлек зерттеуді талап етеді. Яғни сөздікке нақты алынатын нұсқаны қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, қосымша жалғану тәртібіне, қолданым жиілігіне қарай анықтау ісі мұқият жүргізілуі шарт.

**Г.Мамырбекова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының*

*жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

**Бірнеше вариантта таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің орфографиясына реттілік қажет**

(«Қазақ жазуының тарихы және латын әліпбиіне көшудің ғылыми-тәжірибелік негіздері» атты республикалық конференция материалдары.

–Астана, 11 маусым, 2018 ж., -118 бет.)

«Вариант» мәні «инвариантқа» (лат.өзгеріске түспейтін) қарама-қарсы ұғымда жұмсалатыны мәлім. Тіл білімінде бірнеше түрде, жарыса қолданысқа түскен сөздер вариант, дублет, синонимдік қатар терминдерімен аталады. Зерттеуші ғалымдар вариант пен дублет терминдерінің арасында елеулі айырмашылықтар бар екендігін алға тартады. Р.П.Рогожникова

«Варианты слов представляют собой видоизменения слова со стороны фонетической и морфологической. Они не имеют семантических различий полностью совпадают в значении» [1, 11 с.]. И.Қ.Ұйқыбаев: «Вариант сөзінің ауқымы кең жатады, ол барлық жарыспаларды қамтиды, ал дублет көбінесе лексика-семантикалық дәлме-дәлдікті (аллолекса) білдіру үшін қолданылады» [2, 11 б.], - деп көрсеткен. Ал ғалым С.Бизақов дублет пен варианттың айырмашылығын 5 түрлі белгілеріне қарай ажыратады:

1. Дублет – француз сөзі, қазақша екі, қос деген ұғымды білдіреді. Ал варианттылықта (латынша – өзгергіш, түрін ауыстыру) мұндай шек жоқ. Мысалы: *ішдеме//іштеңке//ештеңке//ештеме* – бұларды фонетикалық дублеттер демей, бір сөздің дыбыстық варианттары деп атау орынды.

2. Дублеттер мағыналық тепе-теңдікті білдіргенмен, әр түрлі түбірден жасалған сөздер. Ал фонетикалық варианттар бір сөздің түрліше дыбыстық ауытқыуынан түзіледі.

3. Дублеттің бір сыңары бұрыннан қолданылып келе жатқан төл сөз болса, екінші сыңары кірме сөз болуы мүмкін. Мысалы: *қауын//діңке, тәулік//сөтке, үлгі//бәһра*. Ал варианттылықта бұған керісінше, кірме сөздің де, төл сөздің де өз алдына бөлек вариант қатары болады. Мысалы: *аптека//әптек//әптек//әптиеқ*.

4. Дублеттер мен варианттар мағыналық тепе-теңдіктегі сөздер деп есептелгенімен олардың семантикалық даму бағытында елеулі өзгешеліктер болса керек. Дублеттер синониммен тығыз астасып жатады. Ал фонетикалық варианттардың синонимге айналуы сирек.

5. Фонетикалық варианттардың көлемі де дублеттермен салыстырғанда әлдеқайда үлкен. Оның бірнеше себебі бар: а) сөздің фонетикалық варианттары әр түрлі ішкі және сыртқы факторлардың тілге тигізген әсерінен көптеп түзіліп келеді. Ал дублеттердің саны олардан қашан да аз болғаны анық. ә) дыбыстық варианты бар сөздердің саны өте көп болуының тағы бір себебі олардың ауызекі сөйлеу тілінде ұзағырақ сақталуында болса керек. Ал дублеттердің әдеби тілден тірек таба алмаған сыңарының қолданудан шығып қалуы олардан әлдеқайда жылдам [3, 17-18 бб.].

Ғалым Н.Уәлиұлы әдеби тілдегі синонимдерге жататын құбылысты белгілі бір терминдік жүйедегі, өрістегі варианттан, дублеттен ажырата қараған жөн деген пікір айта отырып: «тұрпат межесі әр басқа, мазмұн межесі бірдей құбылыстар вариант (дублет) сөздерге жатады» [4], - деп көрсетеді. Сонымен қатар, ғалым Н.Уәлиұлы қазақ тіліндегі варианттылық құбылысын зерттеу, бір жағынан, тілдік құрылымға қатысты, екінші жағынан, тілдік нормаға, әдеби тілдің даму кезеңдеріне, тілдік норманы кодификациялаудың практикалық, теориялық мәселелерімен тығыз байланысты екендігін алға тарта отырып: «Варианттылық тілдік нормадағы сабақтастықты жүзеге асыру қызметін атқаратын айрықша тілдік «тегершік» болып табылады. Варианттар деп мазмұнмеже жағынан және функция (қызметі) жағынан бірдей бірінің орнына бірі қолданыла беретін, тұрпатмеже

жағынан ғана жекелеген, толық емес өзгешелігі бар тілдік бірліктерді түсінеміз», - дейді.

Тіл мәдениетін арттырудың басты шарттарының бірі сөздердің ала-құла таңбалануына жол бермей, бірізділікті сақтау болып табылатыны мәлім. Әдетте варианттарды ғалымдар бірнеше түрлерге бөледі. Мәселен, М.Балақаев төртке бөлген:

1. Фонетикалық (*маңдай/маңлай, диірмен/тиірмен, ырза/риза/разы*, т.б.).

2. Грамматикалық (*баратын/баратұғын, барайық/баралық, айту керек/айтпаққа керек*, т.б.).

3. Семантикалық (*қалбыр/елек, леген/шылапшын*, т.б.).

4. Лексикалық (*қант/секер, қораз/әтеш, қала/шаһар*, т.б.) [5, 7 б.].

Ғалым Р.Сыздықова сөз варианттарын үшке бөледі:

1. Лексикалық (*тана/тайынша, сіріңке/спішке*, т.б.).

2. Фонетикалық (*бенде/пенде, ажым/әжім, сөйтіп/сүйтіп*, т.б.).

3. Грамматикалық (*педагогтік/педагогикалық*, т.б.) [5].

Ә.Болғанбаев фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық деп төртке бөледі [6, 53 б.].

Сөз варианттарына арнайы зерттеу жүргізген ғалым С.Бизақов жарыспалы сөздерді тұлғалық ерекшелігіне, тілдік қатынасына, қолдану сипатына қарай мынадай топтарға бөледі:

1. Фонетикалық тобы.

2. Орфографиялық және орфоэпиялық тобы.

3. Семантикалық тобы.

4. Тарихи тобы.

5. Морфологиялық және синтаксистік варианттар.

6. Дублет сөздер [7, 44 б.].

Ғалым Н.Уәлиұлы: «Тіл эволюциясындағы, дамуындағы басты бағыттар мен негізгі үрдістерді танып-біле отырып, варианттарды кодификациялауға соларды таяныш етіп алу нормалау принциптерінің ғылыми негіздерінің бірі болып саналады» [4], - дей отырып, сөз варианттарын үлкен екі топқа бөледі:

1. **Функционалдық жақтан сараланған варианттар:** *туралы/турасында – туралы (бейтарап), турасында (ескі кіт.), мысалы/мысалға /мәселен/мәселенки – мысалы (бейтарап), мысалға (сөйл.), мәселенки (қарап. сөйлеу); мағлұм/мәлім – мәлім (бейтарап) – мәлім (бейтарап), мағлұм (ескі кітаби); қаһар/кәр – қаһар (бейтарап), кәр (сөйл.), т.б.*

2. **Семантикалық жақтан саралану фазасынан өткен және саралану фазасындағы варианттар:** *Тамақ/тағам – тамақ (тамақішті), тағам (тағамәзірледі); сұрау/сұрақ/сауал – сұрау (сұрақ қою), сұрақ (сұрақ алу), сауал (сауал салу); мағлұмат/мәлімет – мәлімет (мәлімет беру), мағлұмат (хабардар ету); кінәмшіл/кінәшіл – кінәмшіл (болмашыны көңіліне алғыш), кінәшіл (кінә қойғыш)* [4], т.б.

Ғалым сөз мәдениетінің варианттылықпен тығыз байланысты тұсы олардың саралану фазасынан өткендерін айыру, яғни аражігін ажыратып

қолдану, жарыспалы сөздердің басым сипатқа ие бола бастаған сыңарларына артықшылық беру, дер кезінде кодификациялау екендігін баса ескертеді.

Жаңа латын графикасына көшу барысында тілші мамандар тарапынан жүзеге асуы тиіс басты мәселелердің бірі – осы бірнеше вариантта таңбаланып жүрген араб, парсы сөздерінің емлесін латын графикасында біріздендіру мәселесі. Олардың бірыңғай жүйеге түспей келе жатуының өзіндік себептері бар. Атап айтқанда:

1. Араб жазуын қолданған дәуірлерде араб, парсы сөздерінің барлығы тек түпнұсқа вариантта таңбаланып келді де, латын, кирилл таңбасына ауысқанда оларды берудің бірізді жүйесі болмады, яғни ауызекі тілдегі сындырылған нұсқасын таңбалаймыз ба, әлде түпнұсқа формасын өзгеріссіз береміз бе деген мәселе көпке дейін өз шешімін таппады. Сондықтан сөздің тілімізге икемделген нұсқасымен қатар көне формасы да жарыса жүрді. Мысалы: *әліп, алиф, элиф, әліф; әскер, гаскер; гарасат, гәрәсәт, арасат; есім, исм, һісім; зейнет, зинат, зинет, зеннет, зиннәт; исфаһан, испаһан, испахан, асфаһан, аспаһан, аспақан, асбаһан; құтпа, хұтба, хұтпа, хатпа, хәтпе*, т.б.

2. Араб жазулы шығармаларды кириллицамен жариялау барысында оны шығарушылар көптеген ескі кітаби араб, парсы сөздерін түпнұсқада қалай жазылса, дәл сол қалпында беру принципiне сүйенді. Алайда сөздің түпнұсқа варианты қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына толықтай сәйкеспейді, сол себепті әркім әртүрлі оқып бір сөздің түрлі дыбыстық варианттарын қалыптастырды. Мысалы: *мисіл, мислә, мисле, мисли; нужум, нүжұм, нүжүм; мұрассағ, мұрассақ, мұрассиг*, т.б. Кітаби тіл лексикаларының осы тәрізді көп варианттылығы ауыз әдебиеті шығармаларында молынан ұшырасады.

Қазіргі таңда, орфографиялық сөздікте берілмеген, алайда жиі қолданылатын араб, парсы сөздерін реттеу ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Оның бірнеше себептері бар:

**Біріншіден**, егемендік алғаннан кейін ислам дініне қатысты ұғымдар мен тіркестер тілдік қолданысымызға молынан ене бастады. Мәселен, мына тәрізді сөздер соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» берілмеген, қазіргі таңда бұлар әртүрлі нұсқада ала-құла таңбаланып келеді: *арафа/арана* (құрбан айттан бір күн бұрын болатын түн), *асхаб/асхан/асқаб* (сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбар ғ.с. серіктері), *әлейһиссалам/аләйһиссалам/алаихұласлам/ғалайһиссалам* (Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу: Алла жарылқасын), *мәлак/мәләк* (періште), *мәләйік/мәлеик* (періштелер), *пәренжі/фәренжі/паранжа* (мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі), *тауап/тәуап/тәуаб* (күлшылық ету, табыну), *рүкүз/рукүз* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), т.б.

**Екіншіден**, кезінде саяси идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, көптеген ауыз әдебиеті мұраларымыз жарыққа шықпағаны белгілі. Ондай жәдігерлер қатарында діни дастандар, магиялық, мифтік аңыздар мен тарихи

жырлар бар. Бұлардың барлығы, тәуелсіздік алғаннан кейін жариялана бастады да, оларда кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің орфографиясында бірізділік сақталмай келе жатыр. Мысалы: *аһыл/аһил/аһл/әһлі/әһіл* (туыс, ағайын; ел, қауым), *ғафыл/ғапіл/ғапыл/қапыл* (аңқау; бейқам), *дафиг/дафиқ* (қарсылық), *жамиг/жәмиг/жамиги/жәми/жәмі* (барлығы, күллі), *калам/кәлам/кәләм/кәлем* (сөз, әңгіме), *машғұл/мәшғұл/машқұл* (шұғылдану, істеу), *маширқ/маширх/машырық* (шығыс, күншығыс), *зәнжабил/занжабіл* (имбирь; жұмақтағы бұлақ аты), т.б.

Жалпы «Орфографиялық сөздікте» жоқ, бірақ бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби сөздердің жалпы саны 370 шамасында. Бұл жазу мәдениетімізге нұқсан келтіретін өте үлкен көрсеткіш. Бұлардың бір ғана нұсқасын жазылымда норма ретінде тану күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі ұшырасатын жарыспалы вариантта қолданылып жүрген мына тәрізді сөздердің әдеби тілде норма деп танылған бір нұсқасы «Орфографиялық сөздікке» міндетті түрде енгізілуі қажет-ақ: *ақайд/ғақайд*, *афсун/афсүн*, *барағат/барат*, *баһан/бәһәна*, *башарат/бәшерет*, *бейқұда/бейхұда*, *бихуд/биһуд*, *бустан/бұстан*, *гәриан/гәриян*, *дилбар/ділбар*, *диуан/дуан*, *жүһүд/жүһүт*, *зақум/зақұм*, *зәнжабил/занжабіл*, *зиада/зияда*, *зүлжалал/зүлжалал*, *зүлфі/зүлпы*, *ихфа/ихпа*, *кәфарат/капарат*, *күлфат/күлпат*, *мағшуг/мағшүг*, *мантиқ/мантық*, *махсус/махсүс*, *махфуз/махфүз*, *машғұл/мәшғұл*, *мәзкүр/мазкур*, *мәләйік/мәлеик*, *миллат/милләт*, *муафиқ/муафық*, *муқарраб/мұқарраб*, *мүшірік/мүшірік*, *нужум/нүжүм*, *пәренжі/фәрәнжі*, *рүкүг/рукүг*, *сүбхан/субхан*, *тауап/тәуап*, *шариф/шәріп*, *шаһид/шәһид*, *шәукат/шаукат*, *шиғыр/шиғр*, *шиит/шиғи*, т.б. Жазылымда бір сөзді осылайша бірнеше фонетикалық варианттарымен әрқалай жаза беру емле ережесіне қайшы нәрсе. Дұрыс болып танылмайды.

Алдағы уақытта жаңа латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікте» мынадай мәселелер басты назарда болғаны жөн:

1) Соңғы жылдары жиі қолданысқа ене бастаған діни атаулардың дұрыс деп танылған вариантын сөздікке енгізген дұрыс. Себебі, бұл тәрізді сөздер әртүрлі нұсқада тұрақты түрде қолданылып келеді. Мысалы: *кәниса/каниса* (шіркеу), *кәшиш/кашиш* (поп, шіркеу қызметкері), *муазин/муәзин* (намазға шақырушы, азан айтушы), *һауиа/Һәуиә* (тозақ аты), т.б.

2) Қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын алайда, жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті шығармаларында жиі кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің бір варианты «Орфографиялық сөздікке» енгізілгені дұрыс. Өйткені нормаландыру принципі қолға алынбағандықтан, жарыққа шығып жатқан кітаптарда көнелік формалар әртүрлі нұсқалармен көпшілікке ұсынылып келе жатыр. Мысалы: **бекем** сөзінің *махкам*, *мехкам*, *мәхкәм*; **дәрет** сөзінің *таһарат*, *тахарат*, **шадияр** сөзінің *шаһариар*, *шәһәриар*, *шарияр*, *шариар*, *шәриарт*. т.б.

3) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» көрсетілген нұсқасы бола тұра, екінші дыбыстық нұсқаларының да қатар қолданыла беру жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы: *ажуа/эжуа, байтолла/байтулла, бәдеуи//бәдәуи, жәһіл/жаһил/жәһил, рәкат/ракағат/рәкағат, рубай/рубаи, нәмақұл/намақұл, тәйем/тайаммом, сәргарда/сәргарда, кәләндер/кәләндар*, т.б. Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» бұл сөздердің бірінші тұрған нұсқалары берілген. Алайда сөздікте көрсетілген нұсқа емес, керісінше, екінші нұсқаның қолданым аясының кеңдігіне біз зерттеу барысында көз жеткіздік, яғни екінші варианттары басым қолданыста. Сондықтан екінші нұсқаларын «Орфографиялық сөздікке» алу керек.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген және орфографиялық сөздікке ендірілмеген ескі кітаби лексика мен араб, парсы сөздерінің саны 370-ке жуық. Ол сөздердің барлығын орфографиялық сөздікке алу керек деуден аулақпыз. Алайда қисса-дастандарда, ауыз әдебиеті жырларында, жыраулар поэзиясында, жазба мұраларда, қазір шығып жатқан діни кітаптар мен БАҚ құралдарында тұрақты түрде әрі жиі ұшырасатын бірліктерді іріктеп, олардың жазылым нормасын орфографиялық сөздікке ендіріп, көпшілікке ұсынған абзал деген ойдамыз. Ондай сөздердің ішінде қай нұсқасын сөздікке ендіру керек, қай нұсқаның емлесі дұрыс деген мәселе өз алдына бөлек зерттеуді талап етеді. Яғни сөздікке нақты алынатын нұсқаны қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, қосымша жалғану тәртібіне, қолданым жиілігіне қарай анықтау ісі мұқият жүргізілуі шарт.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Р.П.Рогожникова. Варианты слов в русском языке. –М.: Наука, 1966. - 105 с.
2. И.К.Ұйқыбаев. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1976. -141 б.
3. С.Бизақов. Тілдік норма және варианттылық. –Алматы: Ғылым, 1997. - 207 б.
4. Н.Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Алматы, 2007 ж.
5. Тіл мәдениеті және баспасөз. Конференция материалдары. –Алматы, 1968 ж.
6. Ә.Болғанбаев. Қазақ тіліндегі синонимдер. -Алматы, 1970 ж.
7. С.Бизақов. Варианттылық және әдеби норма. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Алматы, 2001 ж.